

**«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» ММ  
АҚТӨБЕ ЖОҒАРЫ МЕДИЦИНАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ» МКК**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау  
аналитикалық анықтама**

ІШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе Жоғары Медициналық Колледжі» МКК 04.04.2025 жылғы №56-Н/Қ бұйрығының негізінде, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

**Талдау жүргізу кезеңі:** 2024-2025 оқу жылы

**Ішкі талдау жүргізу комиссия мүшелері:**

А.М.Шарипов – колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің жетекшісі, комплаенс-офицер;

Ә.Е.Өсербай – оқытушы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қызметкері;

Л.Е.Абдуллина – оқытушы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қызметкері;

Д.Ө.Жаңаберген – оқытушы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс қызметінің қызметкері

У.У.Курманғалиева – кәсіподақ төрайымы;

Ж.Ж.Кубейсин – персоналды басқару бөлімінің меңгерушісі;

Д.А.Саймағамбетова – оқытушы;

А.Қ.Мырзагулова – «Аманат» қоғамдық бірлестігінің төрайымы;

С.С.Исмагулова – «Ардагерлер кеңесінен» төрайымы;

Б.Ж.Дабылдина – Жастар комитетінің төрайымы;

**Колледж оқытушыларының қызметін рейтингтік бағалау рәсімдерін  
ішкі талдау нәтижелері**

Ішкі талдау, оқытушыларды рейтингтеу рәсімінің: ашықтық, объективтілік, этикалық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды сақтау қағидаттарына сәйкестігін талдау мақсатында, сондай-ақ ішкі регламенттерді ықтимал жетілдіру бойынша ұсыныстар әзірлеу мақсатында жүргізілді.

Колледж оқытушыларының жұмысын рейтингтік бағалау “Колледж оқытушыларының қызметін рейтингтік бағалау туралы ереженің» (әрі қарай-Ереже) негізінде жүргізіледі.

Ішкі талдау барысында анықталды, Ереже ҚР Білім және ғылым министрлігі 29.11.2007 жылғы бекіткен №583 “Оқу-әдістемелік және ғылыми әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру Ережесін бекіту туралы” (№40 бұйрық, 18.01.2016 жылы толықтыру мен өзгертулер), ҚР Еңбек кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы №414-V(№410 бұйрық, 08.01.2021 жылы толықтыру мен өзгертулер) бұйрығы негізінде, құрастырылған.

Ал, негізінде “Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы” ҚР Білім Министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығы негіз болуға тиіс.

**Ұсыныс:** Колледж оқытушыларының қызметін рейтингтік бағалау туралы Ережені, “Мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарын қоспағанда, білім беру ұйымдарында оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы” ҚР Білім Министрінің 2023 жылғы 10 тамыздағы №253 бұйрығына сәйкес дайындалсын.

Сондай-ақ, талдау келесі құжаттар негізінде жүргізілді:

- комиссияның 25.06.2024 жылғы қорытынды хаттамасы;

- оқытушылардың қорытынды балдары бар рейтингтік кестеден үзінді;
- оқытушылардың рейтингтік бағалауын жүргізу регламенті;
- Колледждің ішкі нормативтік құжаттары

Рейтинг, директордың орынбасары, бөлім меңгерушілері, әдіскерлер және кәсіподақ төрайымы кіретін арнайы құрылған комиссияның қатысуымен бекітілген ішкі регламентке сәйкес жүргізілген.

Рәсім критерийлердің кең ауқымын қамтиды: әдістемелік жұмыс, педагогикалық жүктеме, ғылыми және кәсіби іс-шараларға қатысу, тәртіп, қоғамдық өмірге қатысу, еңбек тәртібін сақтау, сондай-ақ құжаттық сүйемелдеу.

Бағалау қорытындысы бойынша оқытушылар 97-ден 332-ге дейін балл алды. Жетекші орындарға ие болған оқытушылардың жоғары көрсеткіштері сыйлықтар мен алғыс хаттармен қосымша көтермеленді.

Рейтингтік бағалау бастамасының өзі педагогикалық еңбек сапасын ынталандырудың маңызды нысаны, сондай-ақ ұжым ішіндегі ашықтықты ілгерілету тәсілі болып табылады.

Сонымен қатар, бағалау жүйесінің жетілдірілуі мен құқықтық тұрақтылығын арттыру мақсатында сындарлы ұсыныстар ретінде ықтимал жақсартудың мынадай бағыттары анықталды:

- қорытынды баллдар әр оқытушыға ұсынылады, бірақ қол жетімді құжаттамада қорытынды сомаға нақты қандай критерийлер әсер еткені туралы толық мәлімет жоқ;
- әрбір критерий бойынша балл саны көрсетілетін неғұрлым егжей-тегжейлі бағалау парақтарын енгізу, ұжым тарапынан рәсімге деген сенімділікті арттыруы мүмкін.

Алғашқы позициялар арасындағы айырмашылық 50 балдан асады, бұл ретте нақты жетістіктер үшін нақты балдарды есептеу тетігі хаттамада түсіндірілмейді.

Бұл комиссияның объективті көзқарасы кезінде де, әсіресе қатысушылар тарапынан сұрақтар тудыруы мүмкін.

**Ұсыныс:** Нәтижелерді қайта жариялау немесе оларды педагогикалық кеңестерде талқылау кезінде рейтингтік кестені санау принциптерін түсіндірумен және есептеу мысалдарымен сүйемелдеу ұсынылады.

Комиссия барлық құрылымдық бөлімшелердің өкілдерін қамтиды, бұл оның өкілдігін көрсетеді.

**Ұсыныс:** алайда, мүмкін болатын ішкі тәуелділіктерді ескере отырып, мүдделер қақтығысының ресми тәуекелдерін толығымен жою үшін олардың қарамағындағы оқытушыларды бағалау кезінде Комиссия мүшелерінің уақытша бас тартуы туралы норманы енгізу пайдалы болады.

**Ұсыныс:** кері байланыс жинау үшін рейтинг процедурасын қабылдау туралы мұғалімдерге жасырын сауалнама жүргізуді қарастырыңыз.

#### **Қорытынды:**

- рейтингтік бағалау рәсімі қолданыстағы ішкі регламентке сәйкес ұйымдастырылған;
- оқытушыларды бағалаудың (рейтингтің) ағымдағы форматы мемлекеттік аттестаттау рәсімін ішінара қайталайды деп санаймыз. Неғұрлым өнімді кәсіби орта құру мақсатында ресми бағалаудан мотивациялық форматтарға — конкурстарға, көтермелеулерге, тәжірибе алмасуға көшуді қарастырған жөн деп санаймыз.
- жоғарыда аталған ескертулер ұсынымдық және профилактикалық сипатта болады, бұзушылықты көрсетпейді, бірақ ашықтық пен сенім рухында ішкі процестерді үнемі жетілдіруге деген ұмтылысты көрсетеді.

**Орта буын медицина қызметкерлерін дипломнан кейін  
дайындау және қайта даярлау бөлемі бойынша  
сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері**

**Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу бағыттары:**

1. Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру қағидаларын, денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптарын, сондай-ақ қосымша және формальды емес білім беру арқылы денсаулық сақтау саласындағы мамандар алған оқудың нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына сәйкестігі.

2. Денсаулық сақтау саласындағы қосымша және формальды емес білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ұйымдарға қойылатын біліктілік талаптары.

3. Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша және формальды емес білім беру тәртібі.

**Орталықтың құрамына:** Біліктілікті жетілдіру бөлімінің меңгерушісі, оқытушылар, практикалық денсаулық сақтау саласынан қосымша сағаттық оқытушылар кіреді.

**Орталықтың сапалық құрамы**

3. Алипова - Біліктілікті жетілдіру бөлімінің меңгерушісі

А.Кожанова - оқытушы

Г. Қуанышбайқызы - оқытушы

А.Шайқы - Лаборант

**Қосымша сағат оқытушылары**

| Қосымша сағат оқытушылары | Дәрігерлер                | Орта медицина қызметкерлері            |                      |
|---------------------------|---------------------------|----------------------------------------|----------------------|
|                           | Жоғары санатты оқытушылар | Жоғары және бірінші санатты оқытушылар | Академиялық бакалавр |
|                           | 10                        | 11                                     | 3                    |

Бүгінгі күні Ақтөбе облысының МІДО ШЖҚ "Кеңес Одағының Батыры Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжі" МКК құрылымдық бөлімшелерінің бірі болып табылады. Орталыққа: дипломнан кейінгі даярлау және қайта даярлау бөлімі, симуляциялық бөлім, Ақтөбе облысының медбикелерінің үйлестіру кеңесі кіреді.

Орталықтың ережесіне сәйкес жыл сайын күнтізбелік жұмыс жоспары жасалып, Облыстық денсаулық сақтау басқармасымен келісіліп, колледж директорымен бекітілген. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-303/2020 бұйрығына сәйкес Денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары каталогының ақпараттық жүйесінде жарияланған және білім беру бағдарламаларының тізбесіне сәйкес жүзеге асырылады. Сонымен қатар каталогты сараптама ұйымы электрондық түрде қалыптастырып, жариялаған және өзектендірілген.

Қосымша білім беру оқу бағдарламаларының ұзақтығы біліктілікті арттыру үшін 2 кредиттен (60 сағат) 9 кредитке (270 сағат) дейін, сертификаттау курстары үшін 10 (300 сағат) және одан да көп кредитті құрайды. Бір кредит 30 академиялық сағатқа тең.

Тыңдаушылардың бастапқы білім деңгейін анықтау үшін базистік, оқыту кезінде - ағымдағы, оқу аяқталғаннан кейін - қорытынды бақылау жүргізілген.

Ақтөбе облысы мейірбике ісін дамыту орталығының 2025 жылға арналған бюджеттік негізінде орта буын медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың күнтізбелік-тақырыптық жоспары облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысымен келісіліп, колледж директорымен бекітіліп жоспарға сәйкес жұмыстары жүргізілуде.

Ақтөбе облысы мейірбике ісін дамыту орталығының 2025 жылға арналған келісім шарт негізінде орта буын медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың күнтізбелік-тақырыптық жоспары бекітілген және жоспарға сәйкес жұмыстары атқарылуда.

Сонымен қатар Ақтөбе облысы бойынша 2025 жылға арналған Медициналық-санитариялық алғашқы көмек (ПМСП) көрсетудегі орта буын медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру циклдарының оқыту кестесі облыстық денсаулық сақтау басқарма басшысымен келісіліп, колледж директорымен бекітіліп талапқа сай орындалуда.

2024-2025 оқу жылының қыркүйек айынан бастап қаралды, тексеріс нәтижесі бойынша Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру туралы көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі бойынша есебтері ай сайын уақытылы талапқа сай беріліп отыр.

#### 2024 ЖЫЛДЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

| № | Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі                                                                                 | Көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны                         |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| 1 | Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру | Барлығы: 169<br>Оның ішінде бюджет : 113<br>келісім-шарт: 56 |

#### 2024 ЖЫЛДЫҢ ҚАЗАН АЙЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

| № | Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі                                                                                 | Көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны                      |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|
| 1 | Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру | Барлығы: 146<br>оның ішінде бюджет : 110 келісім-шарт: 36 |

#### 2024 ЖЫЛДЫҢ ҚАРАША АЙЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

| № | Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі                                                                                 | Көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны                         |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------------|
| 1 | Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру | Барлығы: 176<br>оның ішінде бюджет : 120<br>келісім-шарт: 56 |

#### 2024 ЖЫЛДЫҢ ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

| № | Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі                                                                                 | Көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны                     |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
| 1 | Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру | Барлығы: 139<br>оның ішінде бюджет : 74 келісім-шарт: 65 |

#### 2025 ЖЫЛДЫҢ ҚАҢТАР АЙЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

| № | Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі                                                                                 | Көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны                    |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---------------------------------------------------------|
| 1 | Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру | Барлығы: 105<br>оның ішінде бюджет : 98 келісім-шарт: 7 |

#### 2025 ЖЫЛДЫҢ АҚПАН АЙЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

| № | Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі                                                                                 | Көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны                     |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------------------------------------------------------|
| 1 | Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру | Барлығы: 161<br>оның ішінде бюджет: 106 келісім-шарт: 55 |

#### 2025 ЖЫЛДЫҢ НАУРЫЗ АЙЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

| № | Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі                                                                                 | Көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны                      |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------------------------------------------------|
| 1 | Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру | Барлығы: 143<br>оның ішінде бюджет : 127 келісім-шарт: 16 |

#### 2025 ЖЫЛДЫҢ СӘУІР АЙЫ БОЙЫНША ЕСЕБІ

| № | Көрсетілген мемлекеттік қызмет түрі                                                                                 | Көрсетілетін мемлекеттік қызмет саны                   |
|---|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------------------------------------|
| 1 | Денсаулық сақтау саласы кадрларының біліктілігін арттыру және сертификаттау курстарынан өткені туралы құжаттар беру | Барлығы: 151<br>оның ішінде бюджет:132 келісім-шарт:19 |

2025 жылға Ақтөбе облысының мейірбике ісін дамыту орталығы жұмыс жоспары, 003 бағдарлама бойынша 1118 орта буын медицина қызметкерінің білімін жетілдіру кестесі, күнтізбелік тақырыптық жоспар жасалып, бекітуге ұсынылды. 2024 жылға 003 бағдарлама бойынша оқытылатын орта буын медицина қызметкерлерінің саны 2 есеге өсті, яғни жоспар 1209 медицина қызметкерлері біліктілігін арттырды.

Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалауды жүзеге асыру мақсатында Үкіметпен жұмысшы мамандықтар жылын ұйымдастыру жөніндегі республикалық жоспар бекітілді, сондай-ақ Министрлікпен кәсіптік-техникалық білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған Жол картасы бойынша ПМСП/МСАК мейірбикелерін 6 модуль бойынша оқыту жұмыстары жүргізіліп жатыр.

**Қорытынды:** 2024 жылға жоспарланған 003 жергілікті бюджет толықтай талапқа сай орындалған.

#### **Ішкі талдау қандай салаларда қанағаттанарлық.**

Мейірбике ісін дамыту орталығының нормативтік іс құжаттары стандарттардың талаптарына сәйкес ресімделген. Құжаттардың жүру барысына жағдай жасалған (құжаттарды тіркеуді ұйымдастыру, құжаттардың жүру барысын және орындалуын мерзімдерін бақылау).


Міндетті компонент пәндері бойынша типтік оқу бағдарламалары, Мейірбике ісін дамыту орталығының жұмыс жоспары талапқа сай орындалған.

Берілген куәліктерді тіркеу журналы, Сабаққа қатысу және үлгерім журналы, оқытушылардың өзара сабаққа қатысым кестелері жәнехаттамалары, қосымша сабақ кестесінің жүргізілуі, АМІДО отырысының хаттамалары талапқа сай рәсімделген.

**Ұсыныстар:** Симуляциялық бөлімнің жұмысын жандандыру, оқытушылардың шұғыл медициналық көмек бойынша білімін жетілдіру жұмыстарын жалғастыру.

#### **Ішкі талдау жүргізу комиссия мүшелері:**

А.М.Шарипов



Ә.Е.Өсербай



Л.Е.Абдуллина




Д.Ө.Жаңаберген



У.У.Курманғалиева



Ж.Ж.Кубейсин




Д.А.Саймағамбетова



А.Қ.Мырзагулова



С.С.Исмагулова



Б.Ж.Дабылдина



**ШЖҚ «Кеңес Одағының Батыры  
Мәншүк Мәметова атындағы Ақтөбе  
Жоғары медициналық колледжі» МКК  
директоры**



**С.Т.Капанов**